



БООЖ №3
**Ұйқы безінің нейрогуморальды реттелуі жіңішке
және тоқ ішектің құрылымы арасындағы
айырмашылық**

Орындаған: Бурабай Салтанат

Курс: 2 курс

Мамандығы: жалпы медицина


Тобы: 201 А

Ж О С П А Р :


- ▶ I.Кіріспе
- ▶ II.Негізгі бөлім.
 - ▶ 1. Ұйқы безі
 - ▶ 2. Ұйқы безінің реттелуі
 - ▶ 3. Аш ішек пен тоқ ішек
- ▶ III.Қорытынды.

- ▶ **Ас қорыту жүйесі** (көне грекше: *systema digestoria*; көне грекше: *systema* — бүтін, байланысқан, жүйе; лат. *digestoria* — асқорыту) - адам мен жануарлар организмдеріндегі асты (азықты) қабылдау, өндеу, қорыту, сіңіру және жын қалдығын сыртқы ортаға шығару қызметтерін атқаратын мүшелердің жүйесі. Асқорыту жүйесі түтік тәрізді мүшелерден және ас қорыту бездерінен тұрады. Филогенездік және онтогенездік тұрғыдан асқорыту жүйесін төрт бөлімге бөледі: бас бөлімді — ауызжұтқыншақ (аран), алдыңғы бөлімді - өңеш пен қарын (асқазан), ортаңғы бөлімді — ащы ішектер (он екі елі ішек, аш ішек, мықын ішек) мен ірі асқорыту бездері (ұйқы безі, бауыр), артқы бөлімді - жуан ішектер (бүйен, тоқ ішек, тік ішек) құрайды.

- ▶ **Ұйқы безі** (лат. pancreas) — сыртқы және ішкі секреция безі. Сыртқы секреция безі ретінде ол ас қорыту ферменттеріне бай ұйқы безі сөлін бөледі. Сонымен қатар, ұйқы безі арақашықтарының жасушалары инсулин гормонын қанға бөледі. Сыртқы секреция без бөлігі құрылысы жағынан көпіршікше-түтікше бездерге жатады.
- ▶ Бездің сөл бөлетін соңғы бөлімі көпіршік тәрізді болады. Олардан шығатын шығару өзектері негізгі без өзегін түзеді. Ұйқы безінің өзегі он екі елі ішекке ашылады. Ұйқы безінің эндокринді бөлігін панкреаттық (лангерганс) аралшықтары құрайды. Олардың пішіні дөңгелек немесе сопақша болып, әр түрлі без бөлікшелерінде орын тебеді. Аралшық жасушалары А, В, Д, Д және РР болып бірнеше түрге бөлінеді. Ең көп кездесетін В-жасушалар инсулин гормонын түзіп, қандағы глюкозаның мөлшерін азайтып, оны гликогенге айналдырады. А-жасушалар түзетін глюкагон гормоны, керісінше, гликогенді глюкозаға айналдырып, оны қанға өткізеді. Д- жасушалар аз мөлшерде кездеседі. Бұл жасушалардың гормоны А- жасушалар гормондарының түзілуін тежейді. Д- жасушалар қан қысымын төмендететін, ұйқы безі сөлінің бөлінуін күшейтетін гормон бөледі. РР-жасушалар гормоны қарын сөлі мен ұйқы безі сөлінің түзілуін реттейді. Ұйқы безінің жалпақтау болып келетін бас жағы ұлтабарға жабысып кірігіп тұрады.




- ▶ **Ұйқы безі** –аралас функциялы без. Оның морфологиялық бірлігі ретінде Лангерганс аралшықтары болып табылады. Аралшықтардың бета-клеткалары инсулин бөліп шығарады, ал альфа-клеткалары – глюкагон, дельта-клеткалары – самостатин бөліп шығарады. Ұлпаларының экстрактарында ваготатин және центропнеин гормондары анықталған. **Инсулин** көмірсу алмасуын реттейді, қанда қанттың концентрациясын төмендетіп, глюкозаны бауыр мен бұлшықетте глюкоза айналуын реттейді.



Ұйқы безі

pancreas



- Ұзарған пішінді, бөліктік құрылымға ие
- Іш қуысының артқы қабырғысының 1 – 2 бел омыртқалары тұсында, асқазанның артқы бөлігінде орналасқан
- салмағы 60 – 80 г, ұзындығы шамамен 17 см




Ұйқы безінің жүйкелік және гуморальдық реттелу қызметінің механизмі


Сіңірілу күрделі физиологиялық процесс. Аш ішектің ішкі бетінде бүрлер болғандықтан, барқыт секілденіп көрінеді, солардың қатысымен белок, май мен көмірсудың ыдырау өнімдері қанға сіңеді. Бүршіктердің өте көп болуы аш ішектің кілегейлі қабықшасының сіңіру бетін едәуір арттырады. Бүрдің әрқайсысына қан тамырлары мен лимфа тамырлар келеді. Олар қоректік заттардың суда еріген ыдырау өнімдерін өзіне сіңіріп алады. Сіңіру дегеніміз - сүзілу, диффузия секілді таза физикалық процесс қана емес, сонымен қатар ол қоректік заттардың бүрлерден өтуі арқылы жүзеге асатын физиологиялық процесс болып табылады. Бүрлер ішектерде тіршілік ететін микроорганизмдердің қан лимфаға өтуіне кедергі жасай отырып, қорғану қызметін де атқарады.

Эндокрин бездерінің реттелуінің негізгі орталық жүйке жүйесіне байланысты. Реттелудің бірнеше механизмдері бар:

1. Жүйкелі (бүйрек үсті безінің ми қабатының жұмысына, гипоталамус пен эпифиздің нейроэндокринді бөлігінің жұмыс істеуіне қатысады).
2. Нейроэндокринді – гипофиз бен гипоталамустың өзара қызметіне байланысты. Гипоталамуста жүйке импульсінің трансформациясы жүреді. Нейроэндокриндік реакцияның екі типі бар:
 - а) релизинг – факторлардың дамуы мен секрециясы – гипофиз гормондарының секрециясының негізгі – регуляторлары.
 - б) нейрогипофизорлы гормондардың дамуы (гормондар алдыңғы гипоталамустың үлкен клеткаларының ядроларында дамиды).
3. **Эндокринді** (бір гормондардың басқа гормондардың биосинтезі мен секрециясына тікелей әсер етуі (алдыңғы гипофиз бөлігінің тропты гормондары, инсулин, соматостатин));
4. **Нейроэндокринді гуморальды**-гормональды емес метаболиттермен реттеледі, олар реттеуші бездерге әсер етеді (глюкозамен, аминқышқылдарымен, калий ионымен, натриеммен простогландиндермен).

Тоқ ішектің жіңішке ішектен айырмашылығы: таспалар, қампаймалар, майлы өсінділер, жуан. Соқыр ішек құрт тәрізді өсіндімен.



A vibrant landscape featuring a bright sun in the upper right corner, casting a rainbow across the sky. The scene includes rolling green hills, several trees of varying sizes, and a dirt path that curves through the foreground. The sky is a deep blue with scattered white clouds.

Назарларыңызға
РАХМЕТ!